



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2021 жылы 16 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Р.В. Склярға**

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Өзіңізге мәлім, 2021 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі, ел тұрғындарының өмір сапасына әсер ететін маңызды сала – елдегі экологиялық жағдай екенін атап өтті.

Қазіргі таңда аса мән берілетін экологиялық мәселелердің бірі – өз бетімен ағып жатқан апатты мұнай ұңғылары.

Айталық, 2010 жылы республика бойынша құрлықта 8584, Каспий теңізінің су басар жағалауларында 1262 мұнай ұңғылары зерттелді. Зерттеу қорытындылары бойынша 82 мұнай ұңғыларын жоюға ұсыныс берілген.

Сонымен қатар 2013 жылы Атырау облысының әкімдігі осы мәселені республика деңгейінде көтеріп, аймақ бойынша барлығы 1400 мұнай ағу қаупі бар ұңғылардың бар екенін, оның 128-ін Каспий теңізінің суы басып жатқаны айтылған болатын.

Бұл мәселе бір өңірде ғана емес, Маңғыстау және Ақтөбе сияқты басқа да облыстарда бар. Мысалы, Шығыс Тасорпа, Құлтай, Жилинская, Петропавловская және басқа ұңғылар.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша Каспий теңізі жағалауында бір ұңғы, құрлықта 41 ұңғылар жойылған. Бүгінде жойылуы тиісті бар болғаны 5 мұнай ұңғысы қалған, оның ішінде Каспий теңізінің жағасында жойылуы тиісті мұнай ұңғылары қалмаған.

Сонымен қатар, иесіз қалған апаттық мұнай ұңғыларын жою мемлекет тарапынан іске асырылғанын атап өту керек.

Ал жер қойнауын пайдаланушы компаниялар аумағында орналасқан ұңғыларды жою немесе консервациялау сол компаниялардың есебінен жүзеге асыру міндеттелген. Алайда кейбір жосықсыз жер қойнауын пайдаланушылар өз міндеттерін толық орындамай отыр.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда зерттелген және жойылған ұңғылардың статистикалық мәліметтері де сәйкес келмейді. Құрлық пен Каспий теңізінің жағасында жойылуы тиісті нақты қанша апатты ұңғылар қалғаны белгісіз болып отыр. Кезінде есеп жүргізгенде осындай иесіз қалған мұнай ұңғыларының есебіне гидрогеологиялық ұңғылар да еніп кеткен.

Осыған орай Үкімет тарапынан келесі нақты іс-шаралар атқарылуы қажет деп есептейміз:

1. Қазақстан Республикасының аумағында жойылуға және консервациялауға жататын ұңғылардың нақты санын анықтау және өзекті мәселеге айналдыру;

2. Өз аумағындағы апатты ұңғылардың жойылуын немесе консервациялау жұмыстарын бекітілген мерзімде аяқтамаған жер қойнауын пайдаланушыларға шара қолдану;

3. Иесіз қалған апаттық мұнай ұңғыларын жоюға және консервациялауға бірнеше жылға арнап нақты график жасақтау және бюджеттен жеткілікті қаражат бөлгізу.

Депутаттық сауалға заңнамадада көзделген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері

**С.Нақпаев
Е.Жаңбыршин
Д.Тұрғанов
С.Мусабаев
Е.Абақанов**

«Ақжол» демократиялық партиясы фракциясының мүшесі

С.Ерубев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

Оглашен 16 июня 2021 года

**Заместителю Премьер-Министра
Республики Казахстан
Р.В. Скляру**

Депутатский запрос

Уважаемый Роман Васильевич!

Как известно, Президентом Республики Казахстан К.К. Токаевым на расширенном заседании Правительства Республики Казахстан в январе 2021 года было отмечено, что одним из актуальных вопросов на сегодняшний день является экологическая ситуация в стране - важная сфера, влияющая на качество жизни населения.

И одной из наиболее актуальных проблем являются стихийно самоизливающиеся аварийные нефтяные скважины.

Так, в 2010 году по республике было исследовано 8584 нефтяных скважин на суше и 1262 на берегу Каспийского моря, по итогам которого было рекомендовано ликвидировать 82 нефтяных скважины.

При этом, акимат Атырауской области уже в 2013 году на республиканском уровне озвучивал проблему об имеющихся в регионе 1400 нефтяных скважин с возможным риском протечки нефти, из которых 128 затоплены водами Каспийского моря.

И эта проблема касается не только одного взятого региона, но и ряда других областей, в том числе Мангистауской и Актюбинской области. К примеру, Восточная Тасорпа, Култай, Жилинская, Петропавловская и другие скважины.

По данным Министерства экологии, геологии и природных ресурсов, на сегодняшний день, на побережье Каспийского моря ликвидирована одна скважина, а на суше - 41 скважины, из них подлежащих ликвидации осталось 5 скважин.

При этом стоит отметить, что ликвидация бесхозных аварийных нефтяных скважин была осуществлена за счет государства.

Тогда как, скважины, которые расположены на территории компаний-недропользователей обязаны ликвидироваться или консервироваться за счет компаний. Однако, некоторые недобросовестные недропользователи не в полной мере выполняют свои обязанности.

Вместе с тем, на сегодняшний день, статистические данные обследованных и ликвидированных скважин не совпадают и остается неясным, сколько конкретно аварийных скважин осталось на суше и сколько на берегу Каспийского моря. В свое время в счет данных бесхозных нефтяных скважин вошли и гидрогеологические скважины.

В этой связи считаем, что со стороны Правительства необходимо провести следующие конкретные мероприятия:

1. Установить и актуализировать количество скважин, подлежащих ликвидации и консервации на территории Республики Казахстан;
2. Принять меры к недропользователям, которые не ликвидировали аварийные скважины в установленные им сроки;
3. Составить четкий график на несколько лет по ликвидации или консервации бесхозных аварийных нефтяных скважин с достаточным выделением средств из бюджета.

Ответ просим дать в письменной форме в сроки, установленные законодательством Республики Казахстан.

С уважением,

Члены фракции партии «Nur Otan»

**С.Накпаев
Е.Жанбыршин
Д.Турганов
С.Мусабаев
Е.Абаканов**

**Член фракции демократической
партии «Ақжол»**

С.Ерубасев